ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 77 (3904)
13 қазан 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

3-БЕТ



Табысты түгел ұстау борышкер жағдайын қиындатады

5-БЕТ



Логистиканы цифрландыруда мәселе бар

8-БЕТ



Медбикенің мінәжаты

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢНЫҢ САЛМАҒЫ – ТИІМДІЛІГІНДЕ



Құрылтайдың кезекті жалпы отырысында өңірлермен байланысты күшейтудің жаңа тетігі ұсынылып, мәдениет пен өнер өкілдерін мемлекеттік деңгейде ынталандыруға бағытталған заң жобасы қаралды.

(Жалғасы 3-бетте)

МЕРЕЙ

Үстіміздегі жылы бірқатар ардагер заңгерлеріміз жетпіс жылдық белеске жетіп, мерейтойын атап өтуде. Басқалар үшін қалай болатыны өздеріне мәлім, ал заңгерлер қауымы үшін жетпіс жас – нағыз қарттық асу емес, кемел қайратына мінген ердің жасы. Бұл жастағы заңгерлеріміз, қолынан келер істің бәрін доғарып, межелі жеріме жеттім деп тоқырамайды, жаңа бір серпінмен тың күш алып, келешек жастарымызға тәлімгер болуды қолға алады, әйтеуір, бір тетігін тауып, өзінің жинаған мол тәжірибесін кәдеге асыруды жалғастыра түседі.

ЖЕТПІС ЖЫЛДЫҚ ТАҒЫЛЫМ

ҚР Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы Төлебай ҚОЖАН – 70 жаста

Ардагер заңгерлеріміз – әрқашан таптырмайтын ақылшы, тығырықтан шығар жол нұсқар кеңесші. Міне, жетпістің желкесіне мініп, ту қырқасына көтеріліп отырған Төлебай Әжібекұлы туралы да айтар лебізіміз осыған саяды. Осы жасында да ағамызды шау тартып қалған шаршаңқы қалпында елестете алмаймыз. Мұның сыры неде?

Әрине, «Адамның адамшылығы істің аяқталуынан емес, бастауынан білінеді» деп дана Абай айтпақшы, мұның сыры – туған топырақтан бастау алып, ұшқан ұясында негізінің дұрыс қалануынан-ау деп жорамалдаймыз.

Төлебай Әжібекұлы қасиетті оңтүстіктен – Шымкент өңірінің тумасы, осындағы іргелі өлке Мақтаарал ауданында 1956 жылы, 17 қазанда дүниеге келген. Алғашқы өмір сапарында көбімізге ортақ, қалыпты жолдардан өтіп, әуелі мектеп қабырғасында білім алған соң, 1974–1976 жылдар аралығында міндетті әскери борышын өтеген. Осыдан кейін өзінің жан қалауы бойынша Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне түсіп, оны заң бөлімі бойынша 1982 жылы аяқтап шыққан. Осы жылдан бастап Торғай облыстық сотында тағылымдамашы, 1983 жылдан Гурьев /қазіргі Атырау/ қалалық сотының судьясы, 1990 жылдан Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының мүшесі, 1995 жылдан Шымкент қаласындағы Әл-Фараби аудандық сотының судьясы болды.

Төлебай Әжібекұлы 1996–2019 жылдар аралығында Жоғарғы Сот судьясы болып ұзақ жылдар абыройлы қызмет атқарды. Міне, Т.Ә.Қожанның заңгер ретінде әбден пісіп, тәжірибесі жетілген, еңбегінің ең жемісті, ең нәтижелі кезеңдері де осы еліміздің Жоғарғы Сотындағы судьялық қызметте өткеніне куә болдық. Әрине, Жоғарғы Сотта табан аудармастан жиырма үш жыл қызмет атқару – аз абырой болмаса керек. Әрі бұл біздің кейіпкеріміздің қажырлылығы мен табандылығының, жоғарғы сатыда жоғары талап көрсете білген белсенді еңбегінің нәтижесі деп ұғуымыз керек. Сонымен бірге, бүгінгі зейнеткерлік шағында да Төлебай Әжібекұлы қол қусырып қарап отырған жоқ. Жоғарыда баса атап өткеніміздей, заң мен соттың елдік шеңберіндегі маңызды мәселелеріне араласып, атсалысып отырады. Әсіресе, жас заңгерлерге өз тәжірибесін бөлісіп, үйретуден ешқашан жалыққан емес, мол тағылым танытып, ақылкеңесін беруден аянып қалмайды.

(Жалғасы 2-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Арманай ҚАБДЕШОВА, *«АВК group» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспасөз хатшысы:*

«ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНЕ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ӨЗІНДІК МОДЕЛІ ҚАЛЫПТАСЫП КЕЛЕДІ»

– Арманай Мирасқызы, тарихқа көз жүгіртер болсақ дамыған елдердің экономикалық жағынан артта қалған елдерге қатысты ұстанған саясаты әр уақытта әртүрлі. Қазір бұл үрдіс қалай жүріп жатыр?

– Халықаралық саясатта мемлекеттің ықпалы тек экономикалық әлеуетімен, әскери қуатымен немесе саяси шешімдерімен ғана өлшенбейді. Елдің тартымды әрі сенімді серіктес бола білу қабілеті де барған сайын маңызды рөл атқарып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі халықаралық қатынастарда «жұмсақ күш» тұжырымдамасы кеңінен қарастырылады. Ол мемлекеттің тікелей мәжбүрлеу арқылы емес, өзінің құндылықтары, тәжірибесі мен саясатының тартымдылығы арқылы қалаған нәтижелерге қол жеткізу қабілетін білдіреді.

Осындай саясат құралдарының бірі – Дамудың ресми көмегі (ДРК). Қазақстан біртіндеп, ең алдымен, Орталық Азия елдері мен Ауғанстанға бағытталған халықаралық көмек көрсетудің өзіндік моделін қалыптастырып келеді. Бұл ретте әңгіме тек қаржылық немесе гуманитарлық қолдау туралы емес. Қазақстан серіктес елдерге білім беру, цифрландыру, мемлекеттік басқару және адами капиталды дамыту салаларындағы өз тәжірибесін ұсынады.

– Қазақстанның көмек алушыдан донор елге айналуы қай уақыттан басталады?

– Бұл елдің экономикалық және халықаралық мәртебесінің өзгеруімен тікелей байланысты. 2006 жылы Қазақстан Дүниежүзілік банк тарапынан табысы ортадан жоғары елдер санатына жатқызылды. Осының өзі еліміздің негізінен халықаралық көмек алушы мемлекет рөлінен басқа елдерге өз бетінше көмек көрсете алатын донор мемлекет рөліне өтуіне ықпал еткен факторлардың бірі болды.

Келесі маңызды кезең 2014 жылы «Дамуға ресми көмек туралы» заңның қабылдануы. Бұл құжат аталған саладағы жүйелі жұмыстың құқықтық негізін қалыптастырды. 2015 жылы Қазақстан ЭЫДҰ-ның Дамуға жәрдемдесу комитетіне шақырылған қатысушы мәртебесін алды. Осылайша халықаралық донорлық көмек жүйесімен тығыз байланыс орнатып, оны ұсынудың халықаралық тәсілдеріне бағдарлануға мүмкіндік туды.

Ал 2020 жылғы желтоқсанда Қазақстан Үкіметі KazAID Қазақстанның халықаралық даму агенттігін, ДРК саласындағы ұлттық операторды құрды. Бүгінде агенттік Сыртқы істер министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымы ретінде дамуға ресми көмек саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады. Осылайша, салыстырмалы түрде қысқа уақыт ішінде Қазақстан жекелеген көмек түрлерін көрсетіп қана қоймай, ұзақ мерзімді халықаралық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін институционалдық жүйе қалыптастырды.

(Жалғасы 4-бетте)

Өзгерістер енгізілді

ПӘРМЕН

2026 жылы Қазақстанда алимент бойынша жалпы қарыз көлемі 19 миллиард теңгеге жетті. Ал ұл-қызының алдындағы қарызын төлеуден жалтарып жүргендер саны 232 мыңнан асты. Бұл – үлкен мәселе. Себебі, алимент – толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалар үшін айтарлықтай қаржылық көмек. Мұндай төлем әкенің, ананың орнын алмастыра алмағанымен, балалардың белгілі бір қажеттілігін өтеуге көмектеседі.

АЛИМЕНТ ӘКЕ МЕН АНАНЫҢ ОРНЫН АЛМАСТЫРА АЛМАЙДЫ

2026 жылы Қазақстанда алимент төлеуден жалтарғаны үшін мыңдаған азамат заң алдында жауапқа тартылды. Соның ішінде жыл басынан бері елде алимент бойынша берешегі үшін 3,5 мыңға жуық адам әкімшілік жауапкершілікке тартылса, алиментті қасақана төлеуден қашқан 290-нан астам борышкердің үстінен Қылмыстық кодекстің 139-бабы бойынша іс қозғалған. Қазіргі уақытта сот орындаушылар өндірісінде 322 мыңға жуық алиментке байланысты іс бар. Борышкерлердің 311 мыңнан астамы – ер адам болса, 11 мыңнан астамы – әйелдер екенін де айта кеткен жөн.

Елімізде алимент бойынша қарызды дер кезінде төлетудің тетіктері тұрақты бақылауда. Бала алдындағы ата-ана жауаптылығын еске салу мақсатында түрлі челлендждер ұйымдастыру, көрнекі жерлерге берешекті беруге үндейтін билбордтар орналастыру, борышкерлермен түсіндіру жұмыстарын жүргізу – бұрыннан жалғасып келе жатқан шаралар қатарында. Алайда, мұндай ескертулерден сабақ алып, қарызын уақытында төлеп тұруға ұмтылып жатқан борышкерлер көп дей алмаймыз.

Әкімдік пен кәсіпкерлер, жеке сот орындаушылар палатасы ұйымдастыратын бос орындар жәрмеңкесі де – жұмыссыз борышкерлерге тұрақты жұмыс тауып берудің мүмкіндігі.



Ғалым ДАСТАНОВ,
Алматы облысы
Әділет департаментінің
Талғар ауданы бойынша мәжбүрлеп
орындату аумақтық бөлімінің
аға сот орындаушысы

Осы жеңілдікті пайдаланып жұмысқа тұрып, берешегін шетінен қайтаруға талап жасап жатқандардың көбейгені қуантады.

Алимент өндіруге қатысты талап пен тәртіп те жыл сайын жаңарып, пысықталуда. Мәселен, 2026 жылғы 25 тамыздан бастап Қазақстанда алимент өндіру мен төлеудің жаңа тәртібі күшіне енді. Осы ережеге орай енді алимент қаражаты тек қана екінші деңгейлі банктерде ашылған арнайы банктік шотқа аударылады. Алимент түсетін бұл арнайы шотты банктердің немесе сот орындаушыларының бұғаттауына жол берілмейді. Бұл балаға берілетін қаржының қауіпсіздігін және уақытында шотқа түсуін қамтамасыз етеді.

Ол үшін алимент алушы кез келген екінші деңгейлі банктен арнайы шот аштырып, оның реквизиттерін жеке сот орындаушысына тапсыруы тиіс. Соның арқасында бұл қаражаттан басқа қарыздарға немесе несиелерге ұстауға тосқауыл қойылады.

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ДЗЮДО КҮРЕСІНІҢ ФЕДЕРАЦИЯСЫ» қоғамдық бірлестігі (БСН 251240035766) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Өскемен қаласы, 070004, Антон Чехов көшесі, 39/2-үй.

3. «Рымкүл» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 230540020554) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қараменде би ауылдық округі, Қуаныш ауылы, Қызылсеңгір қыстауы, 1-үй.

4. «СПК «Қызылсеңгір» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 230440000982) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қараменде би ауылдық округі, Қуаныш ауылы, Қызылсеңгір қыстауы, 1-үй.

5. «Vertex Trading» ЖШС (БСН 250140023875) (ҚР, Алматы қаласы, 050059, Медеу ауданы, Джаркентский көшесі, 3-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 2-ықшамауданы, 18-үй, 8-пәтер, тел. 8 701 777 3961.

10. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Нұр бөбек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, (БСН 070940013046) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, СҚО, Петропавл қаласы, 150000, Челюскинская көшесі, 58-үй.

13. «Сырдария – Оңтүстік Сервис» ЖШС (БСН 110440018158) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Шұғыла шағынауданы, 6А үй, 7-пәтер, тел. 87718200105.

15. «Kazakhstan Bereke Mining Co.,LTD» ЖШС (БСН 260440032460) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 2-үй, 178-пәтер. Тел. +7 (702) 754-98-18

16. «Kazakhstan Golden Camel Mining Co., Ltd.» ЖШС (БСН 260440033865) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 2-үй, 178-пәтер. Тел. +7 (702) 754-98-18

17. «Kazakhstan Golden Eagle Mining Co., Ltd» ЖШС (БСН 260440036275) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 2-үй, 178-пәтер. Тел. +7 (702) 754-98-18.

ӘРТҮРЛІ

6. Қазақстан Республикасы заңының 60-1-бабын және Жарғының 11.2-тармағын басшылыққа ала отырып, «Пржевальское» ЖШС Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының іс жүргізуінде тарапы «Пржевальское» ЖШС болып табылатын №5930-26-00-2/2205 азаматтық ісі (корпоративтік дау) бар екенін хабарлайды. Осы азаматтық іспен құқықтары мен заңды мүдделері қозғалуы мүмкін «Пржевальское» ЖШС қатысушылары сотқа үшінші тұлға ретінде қатысатыны туралы мәлімдей алады. Осы мәселе бойынша барлық қажетті ақпаратты «Пржевальское» ЖШС әкімшілігінен алуға болады. «Пржевальское» ЖШС-нің атқарушы органы.

7. «Бәйтерек Ломбард» ЖШС-нің (БСН 221140052737) заңды мекенжайының өзгергенін хабарлаймыз. Бұрынғы заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 286/4-үй. Жаңа заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сатпаев көшесі, 35А үй, т.е.б.44.

8. 2026 жылғы 7 қазанда Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымымен «Торговый двор «Веллес» ЖШС-не (БСН 101040017334) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

9. «Балаларды оңалту үлттық орталығы» комерциялық емес акционерлік қоғамын қайта ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 18 желтоқсандағы №1098 қаулысымен «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» комерциялық емес акционерлік қоғамы «Балбұлақ» балаларды оңалту орталығы» акционерлік қоғамына қосылу жолымен қайта құрылды. «Балбұлақ» балаларды оңалту орталығы» АҚ кредиторлардың талаптарды қою мерзімі осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі айды құрайды. Шағымдарды «Балбұлақ» балаларды оңалту орталығы» АҚ Алматы қаласы, Медеу ауданы, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 440 мекенжайы бойынша қабылдайды. Тел. +7 727 271 6224.

11. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Дәрігерлік – дене шынықтыру диспансері» КМҚК (БСН 040440011244) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері» КММ болып өзінің қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар екі ай ішінде Павлодар қаласы, Олжабай батыр көшесі, 43/1 мекенжайы бойынша, тел. 8 (7182) 559712 қабылданады.

14. «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (БСН 220640046262) «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы оған «Балбұлақ» балаларды оңалту орталығы» акционерлік қоғамын қосу жолымен қайта ұйымдастырылғанын хабарлайды (БСН 950640000860). Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 36 мекенжайы бойынша қабылданады, тел. 87172-791-607, 511-550.

12. БҚО денсаулық сақтау басқармасы «Теректі аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК Байқау кеңесі директордың бос лауазымына конкурс жариялайды.

Байқау туралы негізгі мәліметтер:

Мекенжайы: БҚО, Теректі ауданы., Теректі ауданы, Достық көшесі,31/ 1, 2-қабат, басшының кабинеті. Анықтама телефондары: +7 71132 21-1-52, Электрондық пошта: **terekta_crb@mail.ru.**

1. БҚО әкімдігі ДСБ ШЖҚ КМК «Теректі аудандық ауруханасы» қызметінің мәні: Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданының аумағында лицензияға сәйкес жоғары білікті медициналық көмек көрсету.

2. Аудандық және қалалық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымының басшысына (директор немесе бас дәрігер) қойылатын талаптар:

«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың (қайта даярлаудың) сертификаттық курсынан өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілікті беру туралы куәлік (немесе сертификат); немесе «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау» немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе EMBA (ЭмБиЭй) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі; немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім және «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе EMBA (ЭмБиЭй) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі;

денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаты;

басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл.

медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін – кәсіби құзыреттердің болуы: бірінші (жоғары) біліктілік санатындағы дәрігердің (бейіні бойынша) біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі, клиникалық практикаға жіберілу үшін маман сертификаты.

3. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде келесі құжаттарды ұсынады:

1. конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2. еркін нысанда жазылған өмірбаян;
3. білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
4. еңбек кітапшасының (ол бар болса) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартына қабылдау және оны тоқтату туралы бұйрықтардан үзінді көшірмелер немесе жұмыс өтілін растайтын басқа құжат;
5. «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
6. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінен соттылығының жоқтығы туралы анықтама.

Байқау өтінімі келесі мекенжай бойынша жіберіледі: Теректі ауданы., Теректі ауданы, Достық көшесі,31/ 1, 2-қабат, басшының кабинеті. Анықтама телефондары: +7 71132 21-1-52, Электрондық пошта: terekta_crb@mail.ru,

4. Құжаттарды қабылдаудың басталу күні және конкурсқа қатысу туралы өтініштерді ұсыну мерзімі:

Құжаттар **2026 жылғы 13 қазаннан бастап 2026 жылғы 23 қазанға дейін, жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін** қабылданады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін конкурсты жариялаған Кәсіпорынға хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта мекенжайы бойынша электрондық түрде ұсынады. Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей ұсынылады. Олар ұсынылмаған жағдайда, адам әңгімелесуден өтуге жіберілмейді. Әңгімелесуге жіберілген үміткерлерге хатшы үміткерлерді жіберу туралы шешім қабылданған күннен кейінгі келесі жұмыс күні ішінде әңгімелесудің өткізілетін күні туралы хабарлайды. Хабарлау телефон арқылы, үміткерлердің электрондық мекенжайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу арқылы жүзеге асырылады. Байқау кеңесі әңгімелесуді үміткерлерді жіберу туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өткізеді. Әрбір үміткермен әңгімелесу барысы жазып алудың техникалық құралдарының көмегімен тіркеледі. Әңгімелесу келесі кезеңдерден тұрады:

1. Кәсіпорынды дамыту таныстырылымы (презентациясы);
2. үміткердің құзыреттілігін бағалау.

Кәсіпорынды дамыту таныстырылымы кезінде үміткер Кәсіпорынның негізгі проблемаларын талдауды және оларды шешу бойынша ұсынылатын шараларды ұсынады. Құзыреттілікті бағалау кезінде денсаулық сақтау саласының негізгі нормативтік құқықтық актілері, мемлекеттік бағдарламалары, денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелері және оларды шешу үшін қабылданып жатқан шаралар туралы білім деңгейі анықталады.

5. Конкурстың өткізілу күні:

Құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде. Хабарлау телефон арқылы, қатысушылардың электрондық мекенжайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу арқылы жүзеге асырылады.

6. Конкурстың өткізілетін орны:

БҚО, Теректі ауданы., Теректі ауданы, Достық көшесі,31/ 1, 2-қабат, басшының кабинеті.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/ WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www. infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail. ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

Ерістеріне